


Кәусария Сағадатқызы

# СӨЗБЕН ОҚЫТПАҚ



Кәусария Сағадатқызы

# **СӨЗБЕН ОҚЫТПАҚ**

Алматы 2022

**1-KYH**

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Сөздерге жалғаулар жалғай отырып, сөз құра.

|      |      |       |      |
|------|------|-------|------|
| ана- | жыл- | қаз-  | рас- |
| аға- | доп- | қас-  | тау- |
| апа- | жап- | май-  | жау- |
| нақ- | тап- | шам-  | шат- |
| рас- | бақ- | там-  | қат- |
| тас- | шақ- | сан-  | сат- |
| жас- | тақ- | хан-  | жап- |
| шаш- | топ- | жақ-  | тор- |
| нан- | үй-  | таң-  | қол- |
| қап- | қыс- | заң-  | зор- |
| бау- | жаз- | бала- | қош- |
| тау- | күз- | өшір- | қор- |
| жау- | сап- | бас-  | бай- |
| қой- | бал- | бар-  | жыр- |
| гүл- | бар- | шар-  | кір- |
| лақ- | жат- | қар-  | нәр- |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### БЕКІРЕ

Бекіренің бастапқы шабақ шағы өзенде өтеді. Олар өсіп жетілген соң теңізге бет алады. Мұнда оларға азық жеткілікті. Бұл балықтардың еті ерекше дәмді және жұмсақ болады. Қаңқасы мен қабырғалары да — ірі. Олардың қара уылдырығы дүниежүзінде жоғары бағаланады. Адамға өте пайдалы. Бекіре – үлкен балық. Ұзындығы үш метрден асатындары да бар. Салмағы екі жүз килограммға дейін барады. /57 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 3-жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|   |          |   |
|---|----------|---|
| 5 | 7        | 2 |
| 8 | <b>1</b> | 6 |
| 3 | 9        | 4 |

**2-KYH**

## 1-жаттығу .

Сөздерге тиісті жалғауларды жалға.

|           |          |        |
|-----------|----------|--------|
| мектеп-   | ешкі-    | қол-   |
| оқулық-   | жылқы-   | бас-   |
| қағаз-    | кітап-   | әтеш-  |
| қалам-    | шар-     | әке-   |
| дәптер-   | үстел-   | қыз-   |
| парта-    | әйнек-   | ұл-    |
| тақта-    | еден-    | бала-  |
| бор-      | мата-    | әже-   |
| қарындаш- | бата-    | киім-  |
| сурет-    | қабырға- | қасық- |
| шкаф-     | сөре-    | ыдыс-  |

## 2-жаттығу .

Мәтінді минутқа жылдам оқы.

### ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Жиренше шешен - қазақ ауыз әдебиетіндегі кейіпкер. Ол — ақыл-парасаттың, тапқырлықтың иесі. Аңыз бойынша Жиренше шешен — тарихта болған, Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген кісі. Ол туралы шығармалар қарақалпақ, қырғыз және түрікмен тілдерінде де көптеп кездеседі. Жиренше шешен туралы аңыз, ертегілерде оның қиыннан қиыстырып сөз таба білуі, қарсыласын қиын жағдайда тапқырлықпен және ақылмен жеңе білуі сөз болады. / 59 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|   |          |   |
|---|----------|---|
| 1 | 7        | 2 |
| 8 | <b>4</b> | 5 |
| 9 | 6        | 3 |

**3-KYH**

## 1-жаттығу .

Сөздер кестесін жылдам оқып шығып, А, Ә, Ұ, Қ, Ү әріптерін тап.

| А     | Ә      | Ұ     | Қ      | Ү     |
|-------|--------|-------|--------|-------|
| алыс  | көмір  | ұшақ  | қалақ  | үміт  |
| қалыс | өмір   | құшақ | қанат  | үрме  |
| шалыс | өлең   | пышақ | қасық  | үрле  |
| тана  | көлем  | ұнтақ | қырсық | күйме |
| шана  | шөлейт | ынта  | қызық  | жүріс |
| дана  | көлді  | ұшты  | сызық  | кіріс |
| жаңа  | нөкер  | құшты | жазық  | күміс |
| бала  | дөңес  | дұрыс | шарық  | бүріс |
| шала  | өңір   | сұсты | жарық  | дұрыс |
| шама  | көбік  | құсты | шұлық  | жұмыс |
| жапа  | шекер  | бұрыс | тауық  | табыс |
| пана  | кілем  | құрыс | балық  | шалыс |
| сана  | залал  | ұшыр  | сынақ  | намыс |

## 2-жаттығу.

Мәтінді жылдам минутқа оқы.

### КҮЗГІ ҚОЙ ҚЫРҚУ

Күзгі қой қырқу уақыты - қазан айы келді. Қойлардың жүндері өзен суына толық жуылады. Бүгін оларды қырқу керек.

Киіз үйлердің жанына көген құрылып, қойшылар отарды ауылға айдап келді. Балалар шешелеріне қойларды ұстап, көгендеуге жәрдемдесті.

Қойлар олардан қорқып, аяқтарын тіреп, артқа тартып, қашқысы кеп әлек.

Үйде әкем қойды жерге жығып, еркектер оны қырқа бастады.

Балалар қырқылған жүнді бір жерге ұқыптап жинады. /62 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 3-жаттығу. Шульте кестесі

|   |          |   |
|---|----------|---|
| 1 | 7        | 2 |
| 5 | <b>9</b> | 6 |
| 4 | 8        | 3 |

**4-KYH**

## 1-жаттығу.

Сөздер кестесін жылдам оқып шық.

|        |         |        |        |        |        |
|--------|---------|--------|--------|--------|--------|
| қонақ  | шыбын   | мешін  | санап  | отын   | ойлап  |
| береді | құлау   | санау  | сақтау | үлкен  | қарға  |
| сүзіп  | алдап   | қарғап | ақырып | тақтай | киініп |
| бұлай  | пісіріп | қайда  | қалай  | істеп  | солай  |
| тақта  | қандай  | сынып  | бөлме  | қасық  | қабат  |
| кілем  | тауық   | түлкі  | сурет  | кітап  | мысық  |
| сабын  | жауын   | қоян   | жайма  | асық   | алтын  |

## 2-жаттығу .

Мәтінді жылдам минутқа оқу.

### ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ПАЙДАСЫ

Балалар, құмырсқаның илеуін көрсеңдер бұз-баңдар. Қайта оны қорғап жүріңдер. Өйткені олар ерте көктемнен бастап қара суық күзге дейін тынбастан еңбек етеді. Бұл жәндіктердің айналасындағы өсімдіктерге пайдасынан басқа еш зияны жоқ. Қайта өзін қоршап өскен өсімдіктерге зиянын тигізетін жәндіктерді құртады. Өсімдіктердің тамырының еркін тыныс алуына көмектеседі. Әсіресе олардың маңында тас бүлдірген, таңқурай сияқты жеміс-жидектер мен қоғажай өсімдіктер қалың болып өседі /63 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|   |          |   |
|---|----------|---|
| 1 | 6        | 9 |
| 5 | <b>3</b> | 4 |
| 8 | 7        | 2 |

**5-KYH**

## 1-жаттығу .

Сөздер кестесін оқып, қай сөз таптарына жататынын есте сақта.

| Зат есім                                                    | Сын есім                                                        | Етістік                                                      |
|-------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| тауық<br>мешін<br>күзен<br>орақ<br>сағат<br>көрпе<br>айран  | ақ<br>қара<br>сары<br>көк<br>жасыл<br>күлгін<br>қоңыр           | асықты<br>шашты<br>барды<br>берді<br>келді<br>сенді<br>айтты |
| мысық<br>сәбіз<br>жұмыс<br>оқиға<br>заман<br>көкөніс        | қызыл<br>көгілдір<br>сарғыш<br>қоңырқай<br>қызғылтым<br>қаракөк | алды<br>шапты<br>қапты<br>жапты<br>састы<br>санады           |
| қарын<br>терек<br>жігіт<br>сұрақ<br>базар<br>аспан<br>жауап | жирен<br>боз<br>торы<br>күрең<br>қасқа<br>ала<br>шұбар          | жазды<br>жүзді<br>күлді<br>септі<br>жауды<br>жарды<br>жақты  |
| жылқы<br>алтын<br>тақия<br>палау<br>кәуап<br>кілем          | ортақ<br>оңаша<br>жеке<br>алыс<br>жақын<br>орташа               | апарды<br>ілді<br>әкелді<br>әперді<br>ашықты<br>асырды       |

## 2-жаттығу.

Мәтінді жылдам минутқа оқу.

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаны қорғау- қазіргі кездегі өткір мәселелердің бірі. Ол – еліміздің болашағы, халықтың байлығы. Бесінші маусым – дүниежүзілік Қоршаған ортаны қорғау күні. Оның негізгі мақсаты – жұртшылықты табиғатты қорғау мәселесіне шақыру. Ол мереке ретінде табиғатты қорғауға арналған. Өртүрлі ойын-сауық, ағаш отырғызу, сурет салу, саябақтарды тазалау сияқты жұмыстар өткізіледі.

Келер ұрпаққа жасыл орман, мөлдір де, таза өзен-көл мен таза ауа қалдыру – біздің борышымыз. /62сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|   |          |   |
|---|----------|---|
| 1 | 6        | 9 |
| 5 | <b>3</b> | 4 |
| 8 | 7        | 2 |

**6-КҮН**

## 1-жаттығу .

Сөздер кестесін мұқият оқып шық.

|                                                              |                                                              |                                                             |                                                             |                                                              |                                                             |
|--------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| тарих<br>жырау<br>түлкі<br>жаман<br>қалақ<br>қасық           | қалақ<br>бұзау<br>кірпі<br>жақсы<br>қобыз<br>қайшы           | салақ<br>қалау<br>қарға<br>қайда<br>сынып<br>сағат          | құлақ<br>сақау<br>арқар<br>болса<br>бөлме<br>сурет          | шолақ<br>жылау<br>барыс<br>арман<br>тақта<br>кілем           | бұтақ<br>құлау<br>жайра<br>дауыс<br>қабат<br>сабын          |
| салмақ<br>оймақ<br>санау<br>құмай<br>халық<br>парта<br>кірпі | жантақ<br>тамақ<br>ойнау<br>қасқа<br>ерлік<br>перде<br>мұрын | шырақ<br>бұлақ<br>лашын<br>батыр<br>сабақ<br>құлақ<br>құлан | реніш<br>мешін<br>күзен<br>ортақ<br>сағат<br>көрпе<br>айран | күріш<br>қарын<br>керек<br>жігіт<br>сұрақ<br>базар<br>аспан  | тоқым<br>шырша<br>намыс<br>сабақ<br>шатыр<br>шапан<br>лапас |
| малым<br>сарай<br>жүрек<br>талап<br>тарақ<br>қыран<br>сараң  | шарын<br>жаным<br>бидай<br>кітап<br>қалам<br>қоңыз<br>жылан  | жолым<br>қолым<br>күріш<br>еңбек<br>пенал<br>қызыл<br>сазан | қызық<br>мысық<br>сәбіз<br>жұмыс<br>оқиға<br>жасыл<br>заман | жылқы<br>қалым<br>алтын<br>тақия<br>күлгін<br>палау<br>қалау | күшік<br>күнім<br>темір<br>төсек<br>қоңыр<br>сылау<br>тарау |

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу.

Жаңылтпашты жылдам минутқа оқып, жаттап ал.

Алақай, сатып алып малақай,  
Алақайлап алаңда жүр балақай.

Ақиық қарады ақиып  
Аңғал тұра қалды аңқиып,

Аңғал аңғармай ма,  
Аңғарса да, аңдамай ма?

Байқампаз балалар,  
Базарды адаспай аралар.

Бәйтерек,  
Басына шықсақ қайтер ек?

## 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 4  | 13 | 6  | 3  |
| 9  | 1  | 5  | 11 |
| 14 | 12 | 2  | 16 |
| 10 | 8  | 15 | 7  |

|   |    |   |
|---|----|---|
| 7 | 1  | 7 |
| 6 | 2  | 6 |
| 1 | 3  | 1 |
| 9 | 4  | 9 |
| 4 | 5  | 4 |
| 2 | 6  | 2 |
| 6 | 7  | 6 |
| 3 | 8  | 3 |
| 5 | 9  | 5 |
| 7 | 10 | 7 |
| 4 | 11 | 4 |
| 6 | 12 | 6 |
| 6 | 13 | 6 |
| 1 | 14 | 1 |
| 3 | 15 | 3 |
| 8 | 16 | 8 |
| 0 | 17 | 0 |
| 4 | 18 | 4 |

**7-KYH**

## 1-жаттығу.

Берілген сөздер кестесін жылдам оқып шық.

|        |        |         |        |
|--------|--------|---------|--------|
| байпақ | кесте  | лашық   | дала   |
| шайқап | сақау  | тақия   | қала   |
| тарқап | арқар  | күлгін  | жаға   |
| шапшаң | болса  | қоңыр   | тары   |
| арлан  | бөлме  | сылау   | қара   |
| тарлан | сурет  | тоқым   | мәре   |
| дарын  | терезе | шырша   | сәре   |
| шарын  | салақ  | намыс   | бала   |
| қырын  | қалау  | сабақ   | шаға   |
| сырын  | қарға  | шатыр   | таға   |
| нарын  | қайда  | шапан   | сана   |
| ағын   | сынып  | арман   | жара   |
| жерін  | сағат  | маман   | пара   |
| орман  | қанат  | нарық   | қала   |
| шарана | қарын  | шөлейт  | дала   |
| қалада | қауын  | баспана | шала   |
| жарық  | жауын  | бақшада | қазан  |
| табақ  | нұрлан | ертең   | сазан  |
| сабан  | тұрар  | мысық   | қырсық |
| табан  | үстел  | торғай  | тыртық |
| аспан  | сабақ  | құлаш   | жыртық |
| жұлдыз | собық  | табақ   | жыртыс |

## 2-жаттығу.

Мәтінді жылдам минутқа оқып шық.

### ТАЛ ГҮЛДЕРІ

Көктем шығысымен тал гүлдейді. Қызыл күрең гүлдері доп-домалақ. Күнге қарап үлгілдеп тұр. Тал гүлдесімен аралар мен көбелектердің де «тойы» басталады. Олар талдың бүріне қонып сайрандайды. Ызылдаған шыбындар да көз тұндырады. Әсіресе қызылды-жасылды көбелектердің сұлуын-ай! Кейде олардың тал бұтағына қатарласа қонатынын қайтерсің.

Аралар талды жай жағалап жүрген жоқ. Іс бітіріп жүр. Талдың гүлінен бал жинайды. Омарташы ең алғашқы балды тал гүлінен алады. /64 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 3-жаттығу. Шульте кестесі.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 8  | 1  | 10 | 6  |
| 4  | 15 | 9  | 13 |
| 12 | 5  | 2  | 16 |
| 7  | 11 | 16 | 3  |

**8-KYH**

## 1-жаттығу.

Сөздер кестесін мұқият оқып шығып, жылқы малына қатысты сөздерді тап.

|          |         |          |         |
|----------|---------|----------|---------|
| кітап    | халық   | көлік    | тұрсын  |
| жаңқа    | жұрт    | жылқы    | орман   |
| ағаш     | салт    | жабағы   | уақыт   |
| парта    | сана    | сойтал   | алмұрт  |
| нала     | дәстүр  | бесті    | асқабақ |
| жылан    | жарық   | айғыр    | көкөніс |
| кесіртке | өгіз    | сәурік   | жирен   |
| шегіртке | түйеқұс | саяқ     | қасқа   |
| шолақ    | кілем   | қысырақ  | торы    |
| құлақ    | бұтақ   | құлық    | бурыл   |
| шапан    | сайран  | қасаба   | жүйрік  |
| қанат    | сазан   | сәйгүлік | шындық  |
| жабағы   | бекіре  | саңлақ   | тапқыр  |
| сақина   | құлын   | тақсыр   | шабыт   |
| қалың    | байтал  | шаңқай   | растау  |
| жеңіл    | дөнен   | қораз    | бедел   |
| жайран   | сирек   | ойнау    | қазан   |
| қайран   | қасқа   | сұрақ    | барыс   |
| қамыр    | жарық   | қарта    | жарыс   |

## 2-жаттығу .

Мәтінді жылдам минутқа оқып шық.

### БӨКЕН

Біз Сырдария өзенінен шығып, бірталай жер жүрдік. Бір кезде алыста елеңдеген бірдеңелер көрінді.

Бұлар шөлдеп, Сырдарияға келе жатқан бөкендер екен. Өздері өте жүйрік болады екен, көз ілеспей, лезде жоқ болады. Білетіндер: «Бөкен сағатына алпыс километр жер жүреді, бәйге аты оларға ілесе алмауы екіталай», - дейді.

Бөкен – өте сирек кездесетін жануар. Олар Каспий, Арал теңіздерінің маңында, сондай-ақ Қазақстанның басқа жерлерінде де кездеседі. /61 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 3-жаттығу. Шульте кестесі.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 8  | 1  | 10 | 6  |
| 4  | 15 | 9  | 13 |
| 12 | 5  | 2  | 16 |
| 7  | 11 | 16 | 3  |

ТА—РА

ЖА-----РА

ҚА-----ЛА

ПА-----НА

СА-----НА

ША-----ЛА

ЗА-----ЛАЛ

ҚО-----БЫЗ

ҚА-----ЛАҚ

ТА-----РАҚ

**9-KYH**

## 1-жаттығу .

Сөздер кестесін жылдам оқып шық

|        |       |        |        |
|--------|-------|--------|--------|
| бұтақ  | кітап | құмай  | кебеже |
| құлау  | қалам | халық  | қалам  |
| жайра  | қоңыз | парта  | қоңыз  |
| дауыс  | жылан | кірпік | жылан  |
| қабат  | шолақ | қалақ  | шолақ  |
| сабын  | жылау | бұзау  | жылау  |
| шолақ  | барыс | кірпі  | барыс  |
| жылау  | арман | жақсы  | айдар  |
| барыс  | тоқым | қобыз  | қоқым  |
| арман  | көсеу | қайшы  | кілем  |
| тақта  | қарын | қолым  | қарын  |
| шарап  | сирек | еңбек  | терек  |
| қараң  | жігіт | пенал  | жігіт  |
| сараң  | сұрақ | қызыл  | сұрақ  |
| байғыз | балық | сазан  | базар  |
| сағыз  | аспан | қазан  | аспан  |
| қалақ  | жаным | лапас  | жаным  |
| бұзау  | кітап | қапас  | кітап  |
| кірпі  | қалам | жарық  | қалам  |
| жақсы  | қоңыз | барыс  | қоңыз  |
| қобыз  | жылан | жарыс  | жылан  |
| қайшы  | табан | тышқан | табан  |
| сарын  | шабан | дәліз  | шабан  |
| торғын | қабан | велюр  | қабан  |
| қараң  | қыран | қалақ  | дауыс  |

|        |         |       |       |
|--------|---------|-------|-------|
| сарай  | жарыс   | бұзау | қабат |
| жұмыс  | табыс   | кірпі | сабын |
| күрең  | шолақ   | жақсы | шолақ |
| торы   | жылау   | қобыз | жылау |
| шұбар  | барыс   | қайшы | барыс |
| төбел  | табыс   | қолым | аппақ |
| шекара | шоқым   | еңбек | тақта |
| түлкі  | кілттер | пенал | қыран |
| жаман  | қарын   | қызыл | жарыс |
| талап  | сирек   | сазан | табыс |
| қасық  | орман   | қазан | намыс |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

## РИЗАЛЫҚ

Айнала тып-тыныш. Жер бетін аппақ ұлпа қар басып жатыр. Асқар мен Жанат түстен кейін оқиды. Олар мектепке қарай келеді. Ақша қар жалт-жұлт етеді. Екеуі бір-біріне қар лақтырысып ойнай бастады. Бір кезде жылаған дауыс естілді. Олар жалма-жан дауыс шыққан жаққа жүгірді. Жылап отырған көршінің баласы екен. Асқар мен Жанат оны үйіне әкеліп, әжесінің қолына тапсырды. Мақпал әжей риза болып қалды. Екі баланың бетінен сүйді. Содан кейін екеуі мектепке қарай жүгіре жөнелді. /72 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 8  | 1  | 10 | 6  |
| 4  | 15 | 9  | 13 |
| 12 | 5  | 2  | 16 |
| 7  | 11 | 16 | 3  |

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
|    | 3  | 1  | 8  |
|    | 47 | 2  | 34 |
|    | 49 | 3  | 52 |
|    | 55 | 4  | 71 |
|    | 95 | 5  | 11 |
|    | 39 | 6  | 26 |
|    | 86 | 7  | 87 |
|    | 29 | 8  | 55 |
|    | 91 | 9  | 12 |
| 19 |    | 10 | 63 |

# 10-KYH

## 1-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ШИПАЛЫ СУ

Бір топ бала жазғы демалыста тауға серуенге шықты. Олар тау етегіндегі шоқ ағашқа келіп демалды. Осы кезде Мұқан мен Кәкімжан ағаш ішін аралап кетті. Екеуі мөлдір бұлақтың үстінен шықты. Екі бала бұлақтың бойын қуалай жоғары өрледі. Көп ұзамай-ақ бұлақтың көзін тапты. Олар судың дәмін қайта-қайта татып көрді, дәміне тамсанып, біраз отырды. Бұлақтың басына серуендеп жүрген балалар да келді. Судың дәмін бәрі де татып көріп, түрлі-түрлі пікірлер айтты. Бұл су асқазан ауруын емдейтін шипалы су болып шықты. Осы суды ішіп талай адам жазылды. /82 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу.

Сөздер кестесін мұқият оқып шық.

|          |           |            |           |
|----------|-----------|------------|-----------|
| шарасыз  | Данагүл   | тазалық    | кішкентай |
| сенімсіз | саяхаттау | былдырлақ  | айналым   |
| қайратты | запыран   | ойыншық    | ұмытшақ   |
| саналы   | ақымақ    | сылдырмақ  | отырыс    |
| дәмелі   | немерелі  | тігіншілер | момақан   |
| сенімді  | жарайсың  | жолбарыс   | қонақтар  |
| ғарышкер | маңыраған | өнерпаз    | жолаушы   |

|                  |           |           |            |
|------------------|-----------|-----------|------------|
| талантты         | екінші    | таңертең  | жеңіліс    |
| шабандоз         | шүріппе   | қызғаныш  | бірінші    |
| қарагөз          | құлағым   | қарсылас  | толмаған   |
| риясыз           | барымта   | сәйгүлік  | балалар    |
| жаугершілік      | балықшы   | қазанат   | құттықтау  |
| табыскер         | қаншада   | қызанақ   | мұғалім    |
| бапкер           | маңдайлы  | қалыңдық  | сарапшы    |
| орамжапы-<br>рақ | сыбызғы   | сондықтан | қаламгер   |
| иманжан          | сызылған  | сенбесең  | ханталапай |
| талапкер         | достармен | нұрболат  | оқығанда   |

### 3-жаттығу. Шульте кестесі.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 8  | 1  | 10 | 6  |
| 4  | 15 | 9  | 13 |
| 12 | 5  | 2  | 16 |
| 7  | 11 | 16 | 3  |

**11-KYH**

## 1-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ҚЫЗҒАНЫШТЫҢ КЕСІРІ

Назымға анасы секіретін жіп алып берді. Ол күні бойы аулада жіпті айналдырды. Біресе бір аяқтап, біресе екі аяқтап секірген ол, өзін цирктің әртісіндей сезінді. Жанына көрші тұратын құрбысы Шынар келіп біраз қызықтап қарап тұрды да:

- Жібіңді маған бере тұр, кезек-кезек секірейік.
- Өзіңнің жібіңді алып кел де секіре бер, - деді Назым тыржиып. Досына ренжіген Шынар әрірек барып, орындықта біраз отырды. Назым жалғыз өзі секіре-секіре әбден шаршады. Біраз уақыттан кейін жібін жинап алды да, қабағын түйіп үйіне келді. Манадан бері ашық терезеден апасы қызының қылығын бағып тұрған болатын.
- Қызым, саған не болды? - деді апасы.
- Білмеймін. Маған көңілсіз, - деді Назым.
- Шынар екеуің бірігіп ойнағанда көңілсіз болмайтын еді, - деді апасы. Апасының сөзінен кейін Назым есік алдына жүгіріп шықты. Бірақ маңайда досы Шынар көрінбейді.

/130 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу . Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 8  | 1  | 10 | 6  |
| 4  | 15 | 9  | 13 |
| 12 | 5  | 2  | 16 |
| 7  | 11 | 16 | 3  |

Н  
 а  
 М  
 о  
 Т  
 у  
 С  
 и  
 Л  
 ы  
 Р  
 а

а о  
 и ы  
 е ё  
 я ю  
 э у  
 а я  
 о ё

### 3 –жаттығу.

Сөздер кестесін мұқият оқып шығып, сын есімдерді тап.

|           |           |           |          |
|-----------|-----------|-----------|----------|
| шығарма   | әліппе    | кесіртке  | шегіртке |
| сарқырама | оқушы     | берекелі  | радио    |
| шалқыма   | мазмұн    | әкімшілік | теңізші  |
| домбыра   | құрылым   | жәрмеңке  | көкжиек  |
| адыраспан | түсінік   | ынтымақты | өсімдік  |
| жапырақ   | базарлық  | сырғанақ  | жауқазын |
| шуылдақ   | ірімшік   | қарағай   | қошақан  |
| дуадақ    | ағайын    | қуанышты  | қамқоршы |
| жұмыртқа  | найзағай  | таңқурай  | көбелек  |
| кәсіпкер  | жиһанкез  | демалыс   | қараторы |
| қарлығаш  | құрылысшы | домбыра   | тарамыс  |
| жәрмеңке  | жауқазын  | базарлық  | балақай  |

# 12-KYH

### 1-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 10 | 2  | 14 | 6  |
| 3  | 11 | 7  | 16 |
| 15 | 4  | 1  | 16 |
| 5  | 12 | 9  | 13 |

|   |    |   |
|---|----|---|
| 5 | 1  | 6 |
| 8 | 2  | 1 |
| 4 | 3  | 9 |
| 5 | 4  | 7 |
| 6 | 5  | 1 |
| 8 | 6  | 2 |
| 4 | 7  | 6 |
| 7 | 8  | 1 |
| 6 | 9  | 9 |
| 4 | 10 | 8 |
| 9 | 11 | 4 |
| 5 | 12 | 8 |
| 7 | 13 | 5 |
| 9 | 14 | 4 |
| 8 | 15 | 3 |
| 4 | 16 | 2 |
| 2 | 17 | 0 |
| 5 | 18 | 4 |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ТҮЛКІ МЕН ҚАЗ

Ерте-ерте ертеде түлкі мен қаз дос болыпты. Бір күні екеуі көлдің жағасына қамыстан үй тұрғызыпты. Түлкі ішке, қаз шатырға орналасыпты. Өзіне сонда ыңғайлы ұя жасап, жұмыртқа салыпты.

Күндердің бір күнінде түлкіге бір арам ой келеді. Тамақ іздеп, қаз ұшып кеткен шақта аш түлкі шатырға шығып, бір жұмыртқасын жарып жеп, қабығын жерге көміп тастайды. Жұмыртқасының кем екенін білген қаз түлкіден сұрайды, ол:

-Алай-былай, мен емеспін, көрген жоқпын,- деп бет бақтырмайды.

Қаз бар пәле осыдан екенін іштей сезіп, одан кек алуға бекінеді.

Сөйтіп кетіп бара жатқан бір топ аңшыны көріп, «кря- кря» деп дауыстап бақырады. Аңшылар қаздардың шоғырланған мекенін таптық деп ұғып, жолдан бұрылып, өзенге қарай тазыларын қоя береді.

Сасқан түлкі қайда қашарын білмей тұрғанда тұс-тұстан тазылар келіп, бас салады. / 119 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жАТТЫҒУ

Берілген сөздер кестесінен жай сөйлем құра.

|             |           |           |             |
|-------------|-----------|-----------|-------------|
| базарлық    | әкімшілік | оқушы     | отырыс      |
| ірімшік     | жәрмеңке  | мазмұн    | момақан     |
| жеңіліс     | ынтымақ   | құрылым   | қонақтар    |
| тепті       | сырғанақ  | түсінік   | жолаушы     |
| толмаған    | қарағай   | базарлық  | жеңіліс     |
| балалар     | қуаныш    | өтті      | отырды      |
| құттықтау   | таңқурай  | ағайын    | тапты       |
| мұғалім     | демалыс   | найзағай  | балалар     |
| сарапшы     | домбыра   | жиһанкез  | құттықтау   |
| қалақшы     | әкелді    | құрылысшы | жазды       |
| хантаалапай | кетті     | жауқазын  | сарапшы     |
| ынтымақ     | оқығанда  | берілді   | басталды    |
| базарлық    | пісті     | балалар   | гүлдеді     |
| келді       | ойнады    | құттықтау | жолға шықты |


# 13-KYH

## 1-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |          |    |    |
|----|----|----------|----|----|
| 2  | 20 | 18       | 15 | 5  |
| 12 | 7  | 14       | 3  | 19 |
| 9  | 22 | <b>1</b> | 6  | 11 |
| 21 | 4  | 13       | 23 | 24 |
| 17 | 10 | 25       | 16 | 8  |

Н а  
М о  
Т у  
С и  
Л ы  
Р а



## 2-жаттығу.

Сөздер кестесінен жай сөйлем құра.

|           |            |           |                   |
|-----------|------------|-----------|-------------------|
| тарттым   | әкімшілік  | оқушы     | шығанақ           |
| балалар   | баяндама   | мазмұн    | қарағай           |
| құттықтау | мереке     | құрылым   | шаттық            |
| мұғалім   | сырғанақ   | түсінік   | құлпынай          |
| сарапшы   | балапан    | базарлады | демалыс           |
| қалаулым  | сүйініш    | тердім    | домбыра           |
| ақсүйек   | таңқурай   | ағайын    | толмаған          |
| оқығанда  | демалыс    | найзағай  | қыздар            |
| оқушы     | домбыра    | жиһанкез  | құттықтау         |
| ойналды   | балдырған  | құрылысшы | мұғалім           |
| көкпар    | шапырашты  | жауқазын  | тігінші           |
| береке    | оқығанда   | оқығанда  | аспаз             |
| балалық   | балдәурен  | оянды     | тоғызқұма-<br>лақ |
| құрт      | сарымай    | құттықтау | оқығанда          |
| ханшатыр  | дарабоз    | шапалақ   | ақбауыр           |
| табыскер  | жаңылтпаш  | хантәңірі | дуадақ            |
| намыскер  | балқарағай | дастархан | желқұйрық         |
| шаңқобыз  | қырмызы    | табиғат   | жұмыртқа          |
| таңқурай  | қарақат    | сезімтал  | алдаспан          |

### 3-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

## ШОҚ ЖҰЛДЫЗДАР

Жұлдыздар ежелгі ғалымдардың қызығушылығын туғызды, бірақ телескоптар жоқ болғандықтан, олар көзге көрінетіндеріне ғана атау берді. Шоқжұлдыздардың пішіндері мен өлшемдері әр түрлі болып келді. Егер шоқжұлдыздарды құрайтын жұлдыздары сызықтармен біріктірілмесе, аты берілген жануарды немесе заттарды әрдайым тану мүмкін емес. Кейбір шоқжұлдыздардың екі немесе одан да көп атауы бар. Ежелгі гректер Орион шоқжұлдызын Аңшы шоқжұлдызы деп атаса, ежелгі мысырлықтар Осирис деп атаған.

Жұлдыз – өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денесі.

Вавилон, Мысыр, Қытай және Грецияның алғашқы астрономдары жұлдыздарды қарастырған кезде олардың кейбірінің жануарларға немесе аңыз-әңгімелердің кейіпкерлеріне ұқсас екенін аңғарған. Сөйтіп оларға Торпақ (өгіз) немесе Персей (грек кейіпкері) деген сияқты атаулар берді. Кейіннен Телескоп сияқты өзге шоқжұлдыздар табылып, ат қойылды. Көптеген шоқжұлдыздарды осыдан 2000 мың жылдан астам уақыт бұрын алғаш Қытай мен Вавилонның астрономдары тапқан еді. (136 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

**14-KYH**

## І-жаттығу

Сөздер кестесінен жай сөйлем құра.

|                  |                    |                    |                     |
|------------------|--------------------|--------------------|---------------------|
| қарлығаштың      | көмектескіш        | балалардың         | таңертең            |
| кұмырсқа         | энергиясы-<br>ның  | шөжеторғай         | кешқұрым            |
| жануарлар        | шарықтау-<br>дың   | қараторғай         | түнжарым            |
| жыртқыштың       | жарқырайды         | диірмен-<br>шілер  | метаграмма          |
| көпшілікпен      | сараң-<br>дықтан   | отырғы-<br>зылған  | базаршыл            |
| еңбекқорлық      | сағынышын          | асығыспен          | қателесіппін        |
| мұғалімдер       | қарлығаштар        | мерекедегі-<br>дей | ауысты-<br>рылған   |
| тапсыры-<br>стың | қараторғай         | безендіріл-<br>ген | қысқар-<br>тыңқырап |
| желбіреген       | математика         | қадамда-<br>рыңа   | сай-<br>рағыштар    |
| әдеміленіп       | жаратылы-<br>стану | математика         | дайындалып          |
| іңгәлаған        | дүниетану          | күлімсіреу         | ойландыра-<br>тын   |
| жазғаннан        | кішкентай-<br>дан  | жалынышты          | сыныпта-<br>стардың |
| керісінше        | қақырынып          | керісінше          | кітапханашы         |
| сырықтай         | қалдырмай-<br>ды   | жасырынбақ         | дәріханада          |

|             |             |            |                     |
|-------------|-------------|------------|---------------------|
| жасушалар   | тазалағыш   | төретайдың | аурухана-<br>ның    |
| тайғанақтап | шайқалақтап | көкөністер | басынған-<br>дықтан |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ЖІБЕК ЖОЛЫ

Жолдың аталу тарихы жібек саудасымен байланысты. Жібек мата табиғи жібек талшықтарынан дайындалады. Ал, табиғи жібек талшықтары тұт жібек көбелегінен алынады. Ересек көбелек жапырақ бетіне жұмыртқалайды. Ол жұмыртқалар жұлдыз құрт болып дамиды. Оны жұлдыз құрт немесе тұт жібек құрты деп атайды. Жұлдыз құрт тек тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетіндіктен, оны тұт жібек құрты немесе тұт көбелек деп атаған.

Жібек халықаралық саудаға шығарылғанымен, оны өндіру жолдарын Қытай үкіметі өте құпия сақтаған. Жібек жолының соңғы нүктесі – Жапонияның ертедегі астанасы Нарга қаласындағы жібек сататын орындар болған. Оның басты бір дәлелі – ондағы ғибадатханада осы уақытқа дейін соғды тілінде жазылған қолжазбаның сақтаулы тұруы. Сөйтіп, Ұлы жібек жолының бойындағы сауданың дамуының арқасында бүкіл дүниежүзінде жібек шаруашылығы мен басқа да шаруашылық түрлері дами бастады. (117 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу. Шульте кестесі.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |          |    |    |
|----|----|----------|----|----|
| 2  | 20 | 18       | 15 | 5  |
| 12 | 7  | 14       | 3  | 19 |
| 9  | 22 | <b>1</b> | 6  | 11 |
| 21 | 4  | 13       | 23 | 24 |
| 17 | 10 | 25       | 16 | 8  |

5...1...6  
 8.....2.....1  
 4.....3.....9  
 5.....4.....7  
 6.....5.....1  
 8.....6.....2  
 4.....7.....6  
 7.....8.....1  
 6.....9.....9  
 4.....10.....8  
 9.....11.....4  
 5.....12.....8  
 7.....13.....5  
 9.....14.....4  
 8.....15.....3  
 4.....16.....2  
 2.....17.....0  
 5.....18.....4

# 15-KYH

## **1-жаттығу.**

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **АЛТЫН АДАМ**

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам».

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергендігін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Дала халқы осылайша өз көсемдерін ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі. / 127 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу

Сөздер кестесі. Тұрақты сөз тіркестерін жылдам оқып есіңе сақтап ал.

|               |                   |                            |                  |
|---------------|-------------------|----------------------------|------------------|
| Аты шықты     | Дамыл бермеді     | Ебелек қақты               | Жағасын ұстады   |
| Бас көтерер   | Дал болды         | Ебін тапты                 | Жағы қарысты     |
| Бас изеді     | Даң болды         | Егде тартқан               | Жаза басты       |
| Бас имеді     | Даңғыл жол        | Егіз қозыдай               | Жазбай таныды    |
| Бас кетеді    | Даңққа бөленді    | Егіліп жылады              | Жайып салды      |
| Бас-көз болды | Дардай қылды      | Ез адам                    | Жал бітті        |
| Бас-көз демей | Дардай болды      | Екі ауыз сөз               | Жалған дүние     |
| Бас қойды     | Дар етті          | Екі аяғын бір етікке тықты | Жалы кетті       |
| Басын шатты   | Дат тақсыр        | Екі айналып келмейді       | Жалын атты       |
| Бас қосты     | Дауа жоқ          | Екі дүние                  | Жаман аты шықты  |
| Бас құда      | Дауыс салды       | Екі елі ажырамады          | Жанып тұр        |
| Бас салды     | Дауыс берді       | Екі езуі жиырылмады        | Жаны түршікті    |
| Басын тікті   | Дәл үстінен түсті | Екі иығын жұлып жеді       | Жапырақтай солды |

|             |                    |                     |              |
|-------------|--------------------|---------------------|--------------|
| Баз кешті   | Дәмесі бар         | Екі жеп, биге шықты | Жарқын жүзді |
| Байтақ дала | Дәм-тұзы жараспады | Екі көзі төрт болды | Жас буын     |
| Баз біреу   | Дәнігіп алды       | Енші алды           | Жарық дүние  |
| Бадана көз  | Дәті жетпеді       | Ен салды            | Жау алмайды  |

### 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 23 | 10 | 20 | 12 | 28 | 15 |
| 1  | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 32 | 6  | 33 | 29 | 17 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 19 | 31 | 26 |
| 30 | 35 | 21 | 8  | 18 | 4  |
| 16 | 36 | 13 | 34 | 9  | 24 |

|       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |
|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 0     | 3     | 7     | 9     | 5     | 1     | 2     | 8     | 1     | 0     | 4     | 8     | 1     | 2     | 9     | 3     | 7     | 5     | 4     |
| ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... |
| 10    | 9     | 8     | 7     | 6     | 5     | 4     | 3     | 2     | 1     | 0     | 9     | 8     | 7     | 6     | 5     | 4     | 3     | 2     |
| ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... |
| 9     | 6     | 4     | 8     | 2     | 5     | 6     | 4     | 9     | 0     | 3     | 5     | 0     | 4     | 9     | 1     | 7     | 7     | 6     |

# 16-KYH

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Сөз тіркестерінің кестесін мұқият оқып шық.

|                    |                    |                    |                    |
|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
| алтын көпір        | қара көз           | күн нұры           | батыр бала         |
| алтын сақа         | алтын адам         | ақ жарқын          | жан жарым          |
| біздің ауыл        | таулы жер          | ақ ниетті          | жыршы бала         |
| алматы қа-<br>ласы | нулы орман         | ашық<br>-жарқын    | демалыс күн        |
| теңіз жағасы       | күн көзі           | алыс-беріс         | мөлдір су          |
| ашық аспан         | кұтты келін        | үлкен-кіші         | бұлақтың көзі      |
| бұлтты күн         | ашық терезе        | жүзі жылы          | таудың басы        |
| көңілді адам       | терең білім        | орман маңы         | тау етегі          |
| шаттық шең-<br>бер | дауысты<br>бала    | ұшқан ұя           | күн сайын          |
| асыл тас           | үлкен шаңы-<br>рақ | келген жер         | бірнеше жыл        |
| жүйрік<br>жылқы    | шұрайлы<br>жер     | кең байтақ         | шаруа елі          |
| шабан ат           | берекелі ел        | туған жер          | ақ саусақ          |
| сары бала-<br>пан  | алғашқы<br>қоңырау | қысқы дема-<br>лыс | бойы сы-<br>рықтай |
| көз көрген         | тұңғыш рет         | өзен жағасы        | ұзақ уақыт         |
| ел қошеметі        | тасты өңір         | алакөл ауда-<br>ны | жан-жануар         |
| жалқау бала        | жадыраған<br>жаз   | піскен ет          | киіктің лағы       |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ЕҢ ТАТУ ОТБАСЫ

Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар өте көп екен, олар бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, отбасының өзара келісімі де, татулықта өмір сүруі де елді таң қалдырады. Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенінің ақ-қарасын анықтау үшін ауылға келеді. Келсе, ауыл іші - тап-таза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен береке орнаған ауыл екен. Патшаның көңілі толып, ерекше бір қуанышқа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны - төрде, уайым-қайғысыз, ал, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді.

Ол ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді.

Қарт үнсіз ғана жүз рет сүйіспеншілік, жүз рет кешірім, жүз рет бірлік деп қағазға мұқият жазып шығады.

Үш сөзді оқыған патша таң қалып:

- Осы-ақ па? - дейді.

- Иә, - деді ақсақал.

- Барлық жақсы отбасылары тек осы қасиеттерден құралады, - деді де, сәл ойланып және шыдамдылық деген сөзді қосып қойды. (160 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 10 | 21 | 6  | 28 | 4  | 11 |
| 29 | 1  | 26 | 19 | 24 | 15 |
| 8  | 16 | 12 | 25 | 5  | 20 |
| 18 | 22 | 35 | 32 | 2  | 33 |
| 30 | 3  | 13 | 7  | 34 | 36 |
| 14 | 23 | 31 | 27 | 17 | 9  |



**17-KYH**

## **1-жаттығу.**

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **ЖЕР – ҒАРЫШ ДЕНЕСІ**

Бұлтсыз ашық айлы түнде аспан әлемінде сансыз жарқырап тұрған жұлдызды көресің. Жұлдыздар жерден өте алыс орналасқан. Сондықтан олар біздің көзімізге кішкене жылтыраған нокат сияқты болып көрінеді. Жай көзбен қарағанда аспан әлемінен 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал, қазіргі заманғы ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны — бірнеше миллион. Ғалымдардың болжауынша, жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді. Жұлдыз – газдан тұратын аспан денесі.

Жерге ең жақын жұлдыз – Күн. Күн, ай, жер – ғарыштық денелер. Күнді 9 ірі аспан денелері айналып жүреді. Олар ғаламшарлар (планета) деп аталады. Ғаламшарлар – «адасушы жұлдыз» деген сөз. Ғаламшар – өздігінен жарық шығармайтын салқын денелер. Ғаламшарлардың жұлдыздан айырмашылығы өздігінен жарық шығару мүмкіншілігі жоқ, күн сәулесінің шағылысуынан жарқырап тұрады. Енді планеталарға тоқталып өтейік. Күн және оны айналып жүретін ғаламшарлар мен олардың серіктері күн жүйесін құрайды.

Күн жүйесі – әлем кеңістігінің немесе ғарыштың бір кішкене шағын мүйісі ғана. Ол Галактика деп аталатын жұлдыздар жүйесіне кіреді.

Ғарыш кеңістігінде шек жоқ. Жерді қоршаған бүкіл дүние – әлем немесе ғарыш деп аталады. (158 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 14 | 10 | 5  | 22 | 2  | 16 |
| 3  | 28 | 35 | 25 | 20 | 8  |
| 30 | 18 | 13 | 17 | 33 | 27 |
| 9  | 23 | 1  | 32 | 12 | 4  |
| 34 | 7  | 29 | 24 | 19 | 31 |
| 15 | 26 | 21 | 6  | 36 | 11 |



### 3-жаттығу

Сөздер кестесі. Тұрақты сөз тіркестерін тауып, жылдам оқып шық.

|                   |                                    |                            |                                 |
|-------------------|------------------------------------|----------------------------|---------------------------------|
| Заман туды        | Иба жасады                         | Кәдеге жа-<br>рады         | Қабағы<br>ашылды                |
| Заманы өтті       | Игі жақсылар                       | Кәсіп етті                 | Қабағы ты-<br>рысқан            |
| Зар болды         | Игі жұмыс                          | Кәрі тарлан                | Қабырғасы<br>қайысты            |
| Зарлап қал-<br>ды | Игілігін көрді                     | Кәріне ұшы-<br>рады        | Қабырғалы<br>қалың ел           |
| Заты жоқ          | Иегі қышыды                        | Кәріп болды                | Қадалған<br>жерінен қан<br>алды |
| Зауқы жоқ         | Иегі иегіне<br>тимеді              | Кебін киді                 | Қадамы құт-<br>ты болды         |
| Зәбір көрді       | Иек астында                        | Кезек күттір-<br>мейтін іс | Қас пен<br>көздің ара-<br>сында |
| Зекет берді       | Иек қақты                          | Кекіл кесті                | Қаймағы бұ-<br>зылмаған         |
| Зәріне мінді      | Илеген тері-<br>дей болбы-<br>рады | Кекірік атты               | Қайраты<br>қара тастай          |

|                 |                  |                      |                  |
|-----------------|------------------|----------------------|------------------|
| Зор тұтты       | Иманды адам      | Келсең келдің өзі    | Қайрауы жеткен   |
| Зықысы шықты    | Иман жүзді       | Кер маралдай керілді | Қақ айырды       |
| Зырыл қақты     | Ине-жіпке тізді  | Кесе көлденең тартты | Қайыр сұрады     |
| Зіңгіттей жігіт | Исі қазақ        | Кеудесі жоғары       | Қамал бұзды      |
| Зіл көтерем     | Ит арқасы қиянда | Кеудесін тосты       | Қамшы болып тиді |
| Запыс болды     | Иі қанды         | Киесі атты           | Қалтасына салды  |

**18-KYH**

# 1-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 10 | 21 | 6  | 28 | 4  | 11 |
| 29 | 1  | 26 | 19 | 24 | 15 |
| 8  | 16 | 12 | 25 | 5  | 20 |
| 18 | 22 | 35 | 32 | 2  | 33 |
| 30 | 3  | 13 | 7  | 34 | 36 |
| 14 | 23 | 31 | 27 | 17 | 9  |

15--41--22

11----18----38

63-----51-----30

27-----19-----74

12-----84-----14

55-----42-----23

17-----99-----87

46-----29-----15

76-----32-----48

93-----85-----24

## 2-жаттығу.

Сөздер кестесінен жай сөйлемдер құра.

|             |            |            |          |
|-------------|------------|------------|----------|
| таңға жуық  | табаңдылық | хаттама    | Жансерік |
| кеш         | былдырлақ  | достарымен | сенімсіз |
| ата-әжем    | ойыншық    | запыран    | қайратты |
| жұлдыздар   | сылдырмақ  | ақымақ     | саналы   |
| бұлттар     | жеттік     | немерелі   | дәмелі   |
| кемпірқосақ | біз        | жарайсың   | сенімді  |
| жиһаз       | өнерпаз    | маңыраған  | ғарышкер |
| қалада      | жазда      | екінші     | талантты |
| ашылды      | қызғаныш   | шүріппе    | шабаңдоз |
| шықты       | піседі     | достарым   | қарагөз  |
| қалаға      | маған      | қарымта    | риясыз   |
| дүкені      | ұнайды     | балықшы    | ежелгі   |
| жарқырайды  | қызанақ    | қаншада    | табысқой |
| жаңа        | қалыңдық   | маңдайлы   | кәсіпкер |
| аспанда     | кеше       | адырна     | сарымсақ |
| қыздар      | сенбесең   | сызылған   | Иманжан  |
| көне        | Нұрболат   | достармен  | талапкер |

# 19-KYH

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ҚОЛҒАП

Аралбайдың атасы қаладан қолғап сатып әкелді. Сырты жел үрлеген доптай тырсиған, былғары тыс қара қолғап атайдың ала қоржынынан қарғып түскенде Аралбай есі шығып қуанып кетті.

- Ой, қолғап! Ата, мынау маған әкелгенің бе?! - Бірақ «жоқ» деген атасының сөзі Аралбайдың қуанышты көңілін бірден түсіріп жіберді.

- Сонда кімге бұл? - деді жұлып алғандай.

-Өзіме,- деп атасы сақалын сипап төрге беттеді.-Сатып алдым. Ап-арзан екен...

Әжесі де ұстап көріп, қостай жөнелді: - Мынау өзі сақырлаған сары аязда киетін қолғап қой. Беу, қап-қалыңын қарашы... Аралбайды күлкі кернеп кетті.

- Тұра тұрыңдаршы. Бұл қойшылар емес, боксшылар киетін қолғап қой!?

- Иә, доғар! Сен не білесің? Боксшы кесе кесін, менің одан қай жерім кем?

Атасы шорт кетті. Аралбай не дерін білмей үнсіз қалды. Түсіндіріп көр енді...

Ертеңінде өрістен оралған атай үйге ашулы келді.

Қолғапты қараңғы түкпірге атып ұрды да:

- Бар болғыр, қолғап емес, азап болды ғой... - деп күңкілдеп, ошақтағы лаулаған отқа аяз сорған қолын тоса берді. Аралбай үнсіз миығынан мәз бола күлді. Бірақ ата-

сының аңғалдығын табалығысы келмей, дыбысын шығармады.

Мектепте бокс қолғабы қажет-ақ еді. Асыққан Аралбай қолғапты алып, мектепке қарай жүгіріп бара жатты /182 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу.

Сөз тіркестерінің кестесін жылдам оқып шық.

|                  |               |               |                  |
|------------------|---------------|---------------|------------------|
| Қарағанды қаласы | ала доп       | таңғы тілек   | су құрбақасы     |
| жасыл өлке       | Арыс жағасы   | ғарыш кемесі  | алтын балық      |
| аттай тулады     | үкілі домбыра | ақ шағала     | қазақ қызы       |
| жасыл жапырақ    | үлкен түйеқұс | ат тағасы     | табиғат тікұшағы |
| терең құз        | атан түйе     | жүзден жүйрік | қыр қызғалдағы   |
| оюлы текемет     | орман емшісі  | мыңнан тұлпар | Байқоңыр ұшағы   |
| керемет жаңалық  | көл тасбақасы | киім ілгіш    | әжемнің ұршығы   |
| асыра сілтеу     | қызыл түлкі   | дала көбелегі | жайқалған гүлдер |
| келісім берді    | Мақтарал      | сары өрік     | піл тұмсығы      |
| аспалы сағат     | көз моншақ    | тау бұлағы    | Қобыланды батыр  |

|                   |                      |                   |                |
|-------------------|----------------------|-------------------|----------------|
| туған өлке        | тәтті нан            | судағы қайық      | тау сарым-сағы |
| сасық күзен       | тау шаңғысы          | құмырсқаның илеуі | таудағы саяжай |
| сарышым-шық даусы | арыстандай айбатты   | аңқау қасқыр      | тау аюы        |
| ата дәстүр        | жолбарыстай қайратты | көшбасшы жігіт    | шахмат ойыны   |
| ыдыс-аяқ          | тау сілеусіні        | оюлы шапан        | футбол ойыны   |

### 3-жаттығу. Шульте кестесі

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 1  | 16 | 14 | 9  | 22 | 3  |
| 24 | 19 | 10 | 28 | 18 | 30 |
| 12 | 5  | 33 | 26 | 2  | 13 |
| 31 | 35 | 20 | 36 | 17 | 25 |
| 6  | 27 | 7  | 11 | 32 | 4  |
| 29 | 34 | 23 | 15 | 8  | 21 |

|       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |       |
|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 0     | 3     | 7     | 9     | 5     | 1     | 2     | 8     | 1     | 0     | 4     | 8     | 1     | 2     | 9     | 3     | 7     | 5     | 4     |
| ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... |
| 10    | 9     | 8     | 7     | 6     | 5     | 4     | 3     | 2     | 1     | 0     | 9     | 8     | 7     | 6     | 5     | 4     | 3     | 2     |
| ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... | ..... |
| 9     | 6     | 4     | 8     | 2     | 5     | 6     | 4     | 9     | 0     | 3     | 5     | 0     | 4     | 9     | 1     | 7     | 7     | 6     |

# 20-KYH

## 1-жаттығу

Сөз тіркестерінің кестесін есіңе сақта.

|               |                 |                  |              |
|---------------|-----------------|------------------|--------------|
| аспан денесі  | ақ тілек        | алтын алқа       | алтын сағат  |
| ақ көңіл      | жақсы адам      | ардақты ана      | олжалы бала  |
| ниеті адал    | құнарлы жер     | күміс көмей      | менің анам   |
| қуаныш жасы   | қалың орман     | жұмыс күні       | Семей қаласы |
| атыс-шабыс    | көзі ашық       | тұнық су         | өзен жағасы  |
| үлкен-кіші    | құтты мекен     | бұлақ суы        | көк аспан    |
| өңі суық      | қымбат терезе   | кәусар бұлақ     | бұлтсыз күн  |
| орман іші     | ойлы адам       | үйдің төбесі     | адам көңілі  |
| қолы ашық     | талапты бала    | бұлақтың бастауы | шаттық үні   |
| киелі жер     | қара шаңырақ    | есіктің тұтқасы  | бағалы тас   |
| кең көше      | егістік жер     | кәсіпкерлер елі  | келісті ат   |
| туған өлке    | берекелі ел     | қолы шебер       | асау тұлпар  |
| жазғы демалыс | алғашқы қоңырау | бойы тапалдау    | сары жаз     |
| өзен сағасы   | тұңғыш рет      | қысқа мерзім     | көзі үйрену  |
| Алмалы ауданы | тасты өлке      | үй жануарлары    | ел құрметі   |
| малдың еті    | жадыраған жаз   | еліктің лағы     | еріншек бала |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### АҢЫЗ АСУ

Күмістінің асуынан асып, ылдидағы елге түспекпін. Қаратаудың аты аңызға айналған асуы осы. Тастары күмістей жалтырап тұр. Жалғызаяқ жолы асу мойнында кеткен қыл арқан секілді, бұлтылдап ирелеңдеп, астымдағы атым әрең ілесіп келе жатқан. Кенет қауырсын судырын естіп, жалт қарадым... Көзіме оттай басылды. Бұл - осы Қаратаумен құрдас кәрі қыран. Жайлау балалары көре қалсақ қол шошайтып: «Қара қарға» деп мазақтайтынбыз. Сол кезде-ақ мойны жүнсіз-тұғын, өзгермепті. Қыран өзге құстардай суық түсе жылы жаққа безіп жоғалмайды. Көрмегелі көп болса да, танығаны. Бауырмалдығына ішім жылыды. «Атамекенді кәрі қыранша сүйсек қой!..» – деп ойладым. Күмісті тасына тұяғын жегізген көлігім бозға шыға, тіпті, тұралады. Бірер қарлығаш төбемнен шиқылдап ұшып өтті. Киіз үй маңайында қыбыр еткен ешкім көрінбейді, құдық басында қой суаратын әуіт тұр. Ошақ сөнген, от отарға ілесіп кеткен. Қырда қоралы қой шаңытады. Сөз жоқ, осы үй иесінің малы. Атты қаңтарып, шыпта есікті түріп маңдайшаға байладым, ішіне жарық түсті.

Шаңырақ күлдіреуішіне қарлығаш ұя салыпты. Шиқылдап иесіз үйді басына көтеріп, еркін ұшып жүр. Шалың шаңыраққа шытына қарады. – Мына мақұлықтар шаңыраққа ұя салып қойыпты. Айдың жаңасына дейін


балапан ұшырар. Ұясын бұзып, көше жөнелуге обал-сындық тегі... Ақтала сөйлеп отыр. Әрідегі көңіл күйін түсінбес деп ойлады. Қарт мінезі қатты толқытты. Туған табиғаттың титімдей мақұлығына дейін сүйе білген шалдың үлкен жүрегінің лүпілін сездім. Ыстық шай келді. Күн ауа атқа қондым. Бұлекеңнің қос қарлығашы көп жерге шейін шиқылдап шығарып салды. «Жұрттың бәрі табиғатты Бұлекеңше сүйсе ғой, шіркін!» (228 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 14 | 18 | 12 | 26 | 22 | 4  |
| 8  | 1  | 21 | 5  | 30 | 17 |
| 15 | 28 | 32 | 11 | 2  | 25 |
| 9  | 34 | 24 | 6  | 20 | 33 |
| 16 | 3  | 36 | 13 | 23 | 35 |
| 10 | 31 | 27 | 7  | 29 | 19 |



# 21-KYH

## **1-жаттығу.**

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **ДОСТЫҚ**

Достық деген не? Мен үшін бұл – ең алдымен, қиын уақытта көмекке келетін сенімді адамның болуы. Нағыз досқа сенің әлеуметтік мәртебең маңызды емес, ол сені ренжітпейді және қызғанбайды. Артыңнан жаман сөздер айтпайды. Іспен болмаса да, кеңеспен көмектеседі. Әрине, кемшілігі жоқ адам болмайды, ол да қателік жасап, жүрекке ауыр тиетін сөздерді айтып қалуы мүмкін. Сондықтан бір-біріне кешірімді болу керек. Шынайы достық шынайы махаббат сияқты сирек кездеседі.

Шынайы достық дегеніміз – бұл адалдық пен сенімділік. Нағыз дос, жолдасына ешқашан опасыздық жасамайды, ол әрқашан оған жанқияр болады. Барлық адам сізден бас тартқанның өзінде, ол сізді ешқашан тастамайды және әрқашан қасыңыздан табылады. Шынайы достар шыншыл болады, жағымпаздық пен екіжүзділікке орын жоқ. Шындық ащы болса да, оны жасырмай бетке айтады. Есіңізде болсын: достар – біздің айнамыз. Егер сіз адал болмасаңыз, өз досыңыздан адалдықты күтпеңіз! Біз көбінесе көңілді, мейірімді және жанашыр адамдармен достасуға тырысамыз. Бірақ аспан әрқашан ашық бола бермейді, көмек керек болған кезде достарымызға жүгінеміз. Міне, осы сәтте, кімнің қандай екенін түсінеміз. Сен мұқтаж болған кезде, сенен бас тартпаған жолдасыңнан ешқашан айырылма! Өйткені,

есіңде болсын: досты жоғалту оңай, ал табу қиын! «Айырылмастай досыңа қайырылмастай сөз айтпа» деген сөз бар, соны есіңде сақта! /187 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 10 | 21 | 6  | 28 | 4  | 11 |
| 29 | 1  | 26 | 19 | 24 | 15 |
| 8  | 16 | 12 | 25 | 5  | 20 |
| 18 | 22 | 35 | 32 | 2  | 33 |
| 30 | 3  | 13 | 7  | 34 | 36 |
| 14 | 23 | 31 | 27 | 17 | 9  |



### 3-жаттығу.

Тұрақты сөз тіркестерін жылдам оқып, мағынасын тап.

|                         |                |                    |                 |
|-------------------------|----------------|--------------------|-----------------|
| Қолғанат болды          | Лажын таппады  | Маза бермеді       | Наза болды      |
| Қолдан -қолға түсірмеді | Лақап сөз      | Май басты          | Назар аударды   |
| Қолды болды             | Лаң салды      | Майдай жақты       | Назы бар        |
| Қол жұмсады             | Лауазымы артты | Майданға түсті     | Найза ұстады    |
| Қоныс аударды           | Лыпың қақты    | Маймаң қақты       | Нақ сүйер       |
| Қонағын атқарды         | Лебізін айтты  | Мақтамен бауыздады | Нақақ жала      |
| Қоңыз терді             | Лық толды      | Мал бітті          | Намыс көрді     |
| Қоңыр салқын қабақ      | Лықа тойды     | Малдың сырттаны    | Насырға шапты   |
| Қор етті                | Лып етті       | Мансап құды        | Нөкер жиды      |
| Қуанышы қойнына сыймады | Лүпіл қақты    | Маңдайы ашық       | Нұқсан келтірді |
| Қулығын асырды          | Лағынет айтты  | Маңдайға жазды     | Нұр шашты       |
| Қу тілді                | Лап берді      | Масыл болды        | Нысап жоқ       |


|                           |             |                       |                 |
|---------------------------|-------------|-----------------------|-----------------|
| Қурай басын<br>сындырмады | Лау етті    | Маржаңдай<br>тізілген | Нық басты       |
| Құбылаға<br>бет алды      | Лау тартты  | Мөр басты             | Нүкте қойды     |
| Құйындай<br>ұшты          | Лақ еткізді | Меселі қайт-<br>ты    | Нысанға<br>алды |

**22-KYH**

## 1-жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |          |    |    |
|----|----|----------|----|----|
| 2  | 20 | 18       | 15 | 5  |
| 12 | 7  | 14       | 3  | 19 |
| 9  | 22 | <b>1</b> | 6  | 11 |
| 21 | 4  | 13       | 23 | 24 |
| 17 | 10 | 25       | 16 | 8  |



## 2- жаттығу.

Сөз тіркестерін жылдам оқы.

|                    |                      |                   |                     |
|--------------------|----------------------|-------------------|---------------------|
| өңі жылы           | қалың кітап          | ғалымның хаты     | тастақ жер          |
| ауыл маңы          | шебер бала           | кемел адам        | сарғыш гүл          |
| құс ұясы           | әке шаңы-<br>рағы    | алтын жұл-<br>дыз | өнерлі бала         |
| ел іші             | сулы жер             | толық адам        | сыпайы мінез        |
| малды өңір         | мерекелі ме-<br>кен  | ақылды бала       | ақ көйлек           |
| таулы аймақ        | алғашқы ұс-<br>таз   | талапты ұл        | әдемі қыз           |
| күзгі дема-<br>лыс | ғарыш ай-<br>лағы    | инабатты<br>қыз   | таулы өңір          |
| су ағысы           | алғашқы ға-<br>лым   | ибалы келін       | салқын жел          |
| ағыны қатты        | қазба бай-<br>лығы   | данагөй қарт      | дәмді тамақ         |
| биік ағаш          | құнды дүние          | киелі ағаш        | көк шөп             |
| зәулім сарай       | қазақ жері           | көздің нұры       | әшекей бұй-<br>ым   |
| алтын балық        | қазақ өнері          | қуанышты<br>хабар | жылы су             |
| таулы алқап        | табиғат бай-<br>лығы | үйдің есігі       | соңғы парта         |
| мидай дала         | қыр гүлдері          | әдепті оқушы      | қанатты тұл-<br>пар |

|              |                  |                  |                |
|--------------|------------------|------------------|----------------|
| Футбол ойыны | Байқоңыр ұшағы   | Тасты өңір       | Жыл он екі ай  |
| Дала гүлі    | Әжем ұршығы      | Жадыраған жаз    | Өмір қызықтары |
| Бал арасы    | Жайқалған гүлдер | Жабайы жануарлар | Раушан гүлі    |

### 3- жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ТАЛШЫБЫҚ

Айжанның үйі ауылдың шетінде. Үйлерінің айналасы — қалың тал. Қыста қатты боран соққанда осы талдар үйге әжептеуір пана болады. Бұл талдарды кезінде Айжанның атасы өз қолымен отырғызған көрінеді. Осы ағаштардың ішінде әдемі бір қайың болушы еді. Айжан оны атасының көзіндей ерекше жақсы көретін.

Өткен жылы қыс қатты болды. Ақпанның аязды түндерінің бірінде қайың суыққа шыдай алмай қарс айырылыпты. Мұны көрген Айжан қатты қапаланды. Тіпті, жылады да. Жылайтынындай бар. Өйткені бүкіл балалық шағын осы қайыңның саясында өткізген еді ғой. Атасының немересіне арнап отырғызып кеткен қайыңы еді ғой бұл. Неге басқа ағаштар сияқты суыққа шыдамады екен?

Енді не істеу керек? Он ойланып жүз толғанып, Айжан көктем шыққан соң, тура сол қайыңның орнына басқа жас шыбық отырғызуға бекінді.

Көп ұзамай көктем де шықты. Қырат-белдерінде көк

қылтиып , тіршілік жандана бастады. Міне, осы кезде Айжан өзінің баяғы ойлаған ісін орындауға кірісті. Алдымен ауыл сыртындағы баққа барып, шыбығын тамырымен қазып әкелді. Содан соң кішкене шұңқыр қазып, қайың шыбықты соған қондырды. Күн сайын су құйып түбін қопсытып баптады. Күн де сәулесін жас шыбыққа аямай төкті.

Ерекше күтімге алынған жас шыбық жазға қарай жайқалып өсе бастады. Мұны көрген Айжан бейне бір атасының өсиетін орындағандай күйде еді. Ол өзін біртүрлі есейіп кеткендей сезінді. /203 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

**23-KYH**

## І-жаттығу. Сөздер кестесі.

Тұрақты сөз тіркестерін жылдам оқып, мағынасын тап.

|                         |                                   |                          |                         |
|-------------------------|-----------------------------------|--------------------------|-------------------------|
| Обал болды              | Өгіз аяң                          | Пайда көрді              | Сәті түсті              |
| Обалы жоқ               | Өгіздей бо-<br>лып                | Пайымы аз                | Секем алды              |
| О баста                 | Өзегі талды                       | Паң кісі                 | Селт етпеді             |
| Ойға салды              | Өз қолын өзі<br>кеспеді           | Пар келді                | Сабан той               |
| Ой қозғады              | Өзі болған                        | Парқына<br>жетпеді       | Сабақ жібі<br>қалмады   |
| Оймақ ауыз              | Өзін-өзі<br>қамшылады             | Пәле жапты               | Сабасына<br>түсті       |
| Ойнақ салды             | Өзі тойса<br>да,көзі той-<br>мады | Пәтуға кел-<br>ді        | Сабыр қыл-<br>ды        |
| Ойыншық<br>болды        | Өкпе сызы                         | Пышақ үсті-<br>нен бөлді | Сағым қуды              |
| Оқалы тон               | Өкше басар                        | Пішіні кетті             | Сазға оты-<br>рғызды    |
| Оққа ұшты               | Өлгенде<br>көрген                 | Пейілі тарыл-<br>ды      | Сайдың та-<br>сындай    |
| Оқтаудай<br>боп жараған | Өңешін жібіт-<br>ті               | Паш етті                 | Сақинасы<br>бар         |
| Олжалы бол-<br>ды       | Өңі кірді                         | Парқы жер<br>мен көктей  | Салқын тиді             |
| Омалып оты-<br>рды      | Өні сынық                         | Пайдаға<br>асты          | Салпаң-сал-<br>паң етті |
| Оң батасын<br>берді     | Өрімдей жас                       | Пісте мұрын              | Салы суға<br>кетті      |

## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### БАҚЫТ ҚҰПИЯСЫ

Бақытты болу - әр адамның өз қолында. Егер жетістіктерімізді қанағат тұтып, әр ісімізді ізгілік жолмен атқаратын болсақ, өзімізді бақытты сезінетін боламыз. «Қанағат қарын тойғызады» дейді халқымыз. Ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Бақыт – бір адамға ғана тән емес, ол өзгелерге ортақ болуы керек. Біздің бақытымыз өзгелерге шуағын төге білсе, нағыз бақытқа айналады. Өмірдің қызығы да сонда! Біздер қазір бақытты болып өсіп келеміз. Алдымызда не керек болса, сол тұр. Білімге керек нәрсені ізденбей жатып-ақ, компьютер, интернет, ұялы телефоннан табамыз. Ал, өткен ғасырлардағы ата-әжелеріміз, тіпті, оқи алмай, балалықтың бал дәмін тата да алмады. Әрине өкінішті. Ал, біз он алты жасқа келгенімізбен, әлі балалығымызды қимаймыз. Бара-бара есейген кезде сол балдәурен балалық шағымызды сағынатынымыз белгілі. Кейбіреулер өздерін, балалық шақпен ерте қоштасқандай сезінеді.. Олар қателеседі. Себебі олар балалық шақтың құдіретін сезіне алмай жүр. Сондықтан да менің достарыма айтарым, балалық шақтың бал дәмін сезінген бұл кездерің - ең бақытты шақ, абзал достарым! Әр адам өз өмірінің бақытқа толы болғанын арман етеді.

Ол үшін алдына мақсат қойып, көптеген игілікті істерді жүзеге асыруға ұмтылады. Ондай адамның жүрегін ри-

зашылық сезімі билеп, жаны рахатқа бөленеді. Бақытты болу әркімнің өзіне байланысты. Өз өмірін аялап, барды қанағат тұтқан адамның құшағы бақытқа толы болады. Қасыңда жүрген адамдардың бақытын, қуанышын, жақсылығын өзінің табысындай көре білген адам бақытқа кенеледі. Әрбір атқан таң мен батқан күннен бақыт тілеген адам мұратына жетеді /223 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу. Шульте кестесі.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 14 | 10 | 5  | 22 | 2  | 16 |
| 3  | 28 | 35 | 25 | 20 | 8  |
| 30 | 18 | 13 | 17 | 33 | 27 |
| 9  | 23 | 1  | 32 | 12 | 4  |
| 34 | 7  | 29 | 24 | 19 | 31 |
| 15 | 26 | 21 | 6  | 36 | 11 |

3 : 1 : 3

7 : : 2 : : 7

5 : : : : 3 : : : : 5

4 : : 4 : : 4

**2**    ■   ■   ■  
         ■   ■   ■  
         ■   ■   ■  
**5**    ■   ■   ■  
         ■   ■   ■  
         ■   ■   ■  
**2**

9  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
6  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
9

[illegible]

080

3  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
9  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
:  
3

[illegible][illegible][illegible]

**24-KYH**

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Ерте, ерте, ертеде бір кәрі қораз шаңқай түсте шалқадан тұрып шақырыпты. Біраз уақыт өткеннен кейін қасында тұрған бала қораз көні кепкен ішкіштің жөтелгеніндей түптен тартып, кеңірдектен шақырыпты. Қалта сағатына қарап тұрған түлкі: Кәрісі туп-тура сағат 1-де, жасы 1-ден он бес минут өткенде шақырды. – «Мезгілсіз шақырған тауықты жұлмақ керек» деген қазақтың мақалы бар. Мен сендерден сорпа жасаймын, – деп ұмтылады.

Сонда кәрі қораз тұрып: – Тақсыр, сағатыңызға қараңыз, мен – сағат бір, түс болды деп шақырдым, – дейді. – Ендеше, мына бала қораз сенен көп кеш шақырды. Сендердің сағаттарың бірден танбай ма немене? Сондықтан мынадан тамақ жасап жеймін, – деп бала қоразға тап береді. Бала қораз да түлкіге жем болғысы келмейді. – Түке, кеш шақырғаным рас, бірақ мен 1-ден он бес минут кетті деп шақырдым. Сенбесеңіз, алтын сағатыңызға қараңыз. Түлкі ышқыр қалтасынан алтын сағатын жұлып алып қараса, сағат 1-ден он бес минут ауып барады екен. – Шындыққа куә жүрмейді, сөзің рас екен, бәтшәғар, – деп түлкі иіп тұрған езуін жалап-жалап алып жөніне кетіпті. Түлкі екеш түлкі де сөзге тоқтап, шындықты жақтаған деседі. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген мәтел содан қалғанға ұқсайды. /183 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу.

Шульте кестесі. Көздің көру аймағын кеңейтеміз

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 10 | 21 | 6  | 28 | 4  | 11 |
| 29 | 1  | 26 | 19 | 24 | 15 |
| 8  | 16 | 12 | 25 | 5  | 20 |
| 25 | 5  | 20 | 32 | 12 | 4  |
| 34 | 7  | 29 | 24 | 19 | 31 |
| 15 | 26 | 21 | 6  | 36 | 11 |

15--41--22

11----18----38

63-----51-----30

27-----19-----74

12-----84-----14

55-----42-----23

17-----99-----87

46-----29-----15

76-----32-----48

93-----85-----24

### 3-жаттығу.

Сөз тіркестірінің кестесін мұқият оқып шық.

|                      |                     |                    |             |
|----------------------|---------------------|--------------------|-------------|
| шойын жол            | үйге келді          | анамның<br>алақаны | жарық ай    |
| қонақ кәде           | қонақ етті          | әкемнің<br>ақылы   | ағаш күрек  |
| атам келді           | темір жол           | асыл бұйым         | бес ешкі    |
| сабаққа<br>бардым    | бала саны           | айлы түн           | төрт бөлме  |
| қала көркі           | қала ұнады          | дауыс<br>ырғағы    | биік өкше   |
| былтырғы күз         | былтыр<br>тапсырды  | үлкен үй           | үш қабат    |
| білгенге мар-<br>жан | маржан тас          | жолмен жүру        | малды ауыл  |
| білмеске ар-<br>зан  | арзан киім          | уәдеге берік       | есік алды   |
| қаладан кел-<br>ді   | бағалы тон          | суыққа<br>төзімді  | ортақ еңбек |
| үйге қайтты          | үйдің тере-<br>зесі | ел байлығы         | мақта теру  |


|                    |                  |                    |                    |
|--------------------|------------------|--------------------|--------------------|
| үйіне шақыр-<br>ды | шақыру хат       | еңбекші ха-<br>лық | қызыл көйлек       |
| құлағын түрді      | қалқан құлақ     | жақсы оқиды        | алтын дом-<br>быра |
| аузын ашты         | дуалы ауыз       | табыс кілті        | бас табақ          |
| ән салды           | асқақ ән         | алтын кілт         | адамның<br>басы    |
| асығыс кетті       | асыққан<br>оқушы | төс қалта          | бет орамал         |

**25-KYH**

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 23 | 10 | 20 | 12 | 28 | 15 |
| 1  | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 32 | 6  | 33 | 29 | 17 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 19 | 31 | 26 |
| 30 | 35 | 21 | 8  | 18 | 4  |
| 16 | 36 | 13 | 34 | 9  | 24 |



## 2-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ШЕШЕНДІК ӨНЕР СЕНДЕ БАР МА?

«Шешендік – адамға туа бітетін, қанмен келетін қасиет. Қазақтың сөз саптаған шешен, топ бастаған көсем болған қасиетті арғы атадан немесе нағашыдан іздеп жататыны да содан шығар. Иә, рас, елді өзіне ұйытып әкетуге адамның тумысынан бейімдігі болуы тиіс екен. Ең бастысы, ол көпшілік ортада сөйлегенді жақсы көруі қажет, тіпті мұндай кезде ерекше шабыты оянып, өзінің сөйлеген сөзінен өзі де ләззат алуы керек.

Көпшіліктің алдына шыққан кезде адам бірінші кезекте, қыстырма, жаттанды сөздерден аулақ болғаны жөн. Газет журналистері мақалаға тақырып қоюға баса мән береді. «Жақсы тақырып – жарты мақала» деген сөз қалыптасқан. Ал, шешендік өнерде алғашқы сөйлем маңызды рөл ойнайды. Ұтымды басталған сөз бүкіл айтылған сөздің жартысы саналады. Шешен сөйлеу үшін адам алдымен, актерлік өнерді меңгеруі тиіс. Көпшіліктің алдында өзіңді еркін, денеңді тік ұстау, сөздің салмағын, мән-мағынасын қимылмен білдіріп отыру, бәрі-бәрі актерлік шеберлікпен ғана келеді. Бірақ, есіңізде болсын, осындай ақыл-кеңестерді мүлтіксіз орындаймын деп, жасандылыққа барудың қажеті жоқ – бәрі де табиғи болуы шарт.

Ағылшынның темір ханшайымы Маргарет Тэтчердің даусы құлаққа жағымсыз естілетін болған. Жұрттың ал-

дына шыққан кезде ол назарын қайда аударарын білмей, қатты қысылатын әдеті болыпты. «Темір ханшайым» шешендік өнерден арнайы сабақ алмаса болмайтынын түсінеді. Бірінші кезекте ол тәжірибелі театр қызметкерлерінен көмек сұраған, уақыт өте келе жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Актерлік шеберлік пен шешендік өнердің арасында жақындықтың барын осыдан-ақ байқауға болады.» (219 сөз)

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3- жаттығу.

Сөз тіркестерінің қатарын жылдам оқып шық.

|                    |                   |                    |                |
|--------------------|-------------------|--------------------|----------------|
| қалың киім         | жүйрік ат         | ердің аты          | кітаптың беті  |
| бас киім           | жылы шырай        | елдің еңбегі       | бет ажары      |
| жылы ішік          | қол алысты        | жұпар иіс          | бетінен сүйді  |
| әдемі сәуке-<br>ле | пікір алысты      | гүлдің иісі        | гүл екті       |
| анамның<br>жүзігі  | кең атырап        | иісі аңқиды        | жүзік салды    |
| шешеннің тілі      | кемеңгер<br>тұлға | алтын ине          | сенім білдірді |
| шебердің<br>қолы   | кемел ойлы        | сыйлық тар-<br>ту  | сенім артты    |
| өткір пышақ        | пышақтың<br>жүзі  | сыйға тарту        | зор сенім      |
| нар тұлға          | кемел<br>жазушы   | бағалы сый-<br>лық | сенімді адам   |

|                |                  |             |                 |
|----------------|------------------|-------------|-----------------|
| тапқыр бала    | таудың ұшар басы | сый көрсету | нарықтық бәсеке |
| ұтымды ой      | үшкір құрал      | ас ұсынды   | бәсекелес нарық |
| салмақты пікір | ащы қымыз        | ас атасы    | нарық бағасы    |
| зерлі кесе     | малдың еті       | күй пернесі | жақын дүкен     |
| оюлы кілем     | ескі бұйым       | күй тарту   | кәсіпқой маман  |
| білікті маман  | жақын шеберхана  | күш атасы   | білімді маман   |

**26-KYH**

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **БАЛ ЖЕГІСІ КЕЛГЕН АЮ**

Ертеде аю мен түлкі орманда кезігіп қалыпты. Екеуі біраз әңгімелесіп отырып, аю оған өзінің бал жегісі келіп жүргенін ай тыпты. Түлкі аюдың сөзін құп алып:

– Е, оның несі бар. Менің білуімше, орманның егістік басталатын шет жағында бал жинайтын кемпір мен шал бар. – Жүр, сонда барайық, мен сені бір тойдырайын, – деп мақтанады.

Бал деген сөзді естісімен аюдың сілекейі шұбырып, түлкіні алдына салып алып, тартып кетіпті.

Келсе, бал толы құмыралар қаз-қатар тізіліп таудай болып қаланған арбаның қасында кемпір алаңсыз шай ішіп отыр екен. Түлкі құлағына сыбырлап:

– Ана қырдың астына барып «Әй, кемпір, көмекке кел, түлкіні ұстап алдым» деп айқай сал. Сенің даусыңды естіп шалым екен деп қалады. Жақындай бере, мені босатып жібер. Алдынан шығып, ақсаңдап қаша жөнелемін. Өне ұстаймын, міне ұстаймын деп жүріп арбадан біраз ұзап кеткенін де білмей қалады. Сен сол арада арбаны сүйреп, орманға қарай қаш, – депті. Аюға түлкінің жоспары қатты ұнайды.

Түлкі қырдың астына барып, шалдың дауысын салып, көмекке шақырды.

Кемпір жақындай бере, түлкіні көріп, ұстамақ болып, соңынан қуды. Сол арада аю арбаны сүйреп орманға

әкетуге келді. Сөйтсе, дөңгелектері жоқ, жәй кесектің үстінде тұр екен. Арба салмағымен бір жағына ауып, аюды басып қалады. Балға толы құмыралар бір-біріне соғылып быт-шыт болады.

Арбаның астында балға көміліп жатқан аюды көріп ашынған кемпір, қолына таяқ алып, аямай кеп сабайды. Аю әзер дегенде қашып құтылады. /220 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу.



Тұрақты сөз тіркестерін тауып, мағынасын түсіндір..

|                   |                               |                       |                      |
|-------------------|-------------------------------|-----------------------|----------------------|
| Қол алды          | Екі иығына екі кісі мінгендей | Мұз қатты             | Таяқ лақтырды        |
| Қол сұқты         | Иығына шықты                  | Мұз еріді             | Таяқ тастам          |
| Қолы бармады      | Иығы көтерілді                | Мұз жеді              | Айға ұшты            |
| Қолы батпады      | Ит тұмсығы                    | Мұзға отырғызып кетті | Айға қонды           |
| Қолы аузына жетті | Жұмған аузын ашпады           | Мұзды аймақ           | Айды аспанға шығарды |
| Қол жайды         | Иығына көтерді                | Мұз ойды              | Ай туды              |

|                       |          |              |                 |
|-----------------------|----------|--------------|-----------------|
| Қолы ұзарды           | Ит тиді  | Ит өлген жер | Ай басталды     |
| Қолы бос              | Ит жанды | Мұзды өлке   | Айы оңынан туды |
| Қой аузынан шөп алмас | Ит қосты | Мұзды тау    | Ай жарық        |

### 3-жаттығу.

Шульте кестесі. Көздің көру аймағын кеңейтеміз.



|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 4  | 18 | 20 | 12 | 28 | 16 |
| 1  | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 23 | 6  | 33 | 29 | 17 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 19 | 31 | 26 |
| 30 | 35 | 21 | 8  | 10 | 32 |
| 15 | 36 | 13 | 34 | 9  | 24 |



**27-KYH**

## 1-жаттығу. Сөздер кестесі.

Берілген сөз тіркестерін оқып шығып, көкөніс атауларын ата.

|                  |                 |                  |                |
|------------------|-----------------|------------------|----------------|
| алтын айдар      | сұлу қыз        | тәтті қауын      | жабайы алма    |
| қазба байлық     | ақ алма         | қоян терісі      | сары өрік      |
| көн орны         | алтын қасық     | піскен картоп    | шие тосабы     |
| қызыл құлпынай   | сүйікті жеміс   | терең көл        | тұздалған қияр |
| тау таңқурайы    | күзгі бақ       | қатты ағыс       | қара өрік      |
| қара бүлдірген   | қызыл қызанақ   | жүрек қағысы     | алмұрт пісті   |
| емдік шөптер     | ақ орамал       | ана жүрегі       | алма түсті     |
| шипалы су        | қатты дауыс     | пайдалы сарымсақ | бақша егу      |
| тау жуасы        | мектеп асханасы | жасыл бақ        | қызылша салаты |
| пайдалы жемістер | қала мұражайы   | жасық бала       | анар шырыны    |
| жаздық алма      | күздік сәбіз    | сүйікті жұмыс    | қарбыз дәні    |
| көктемгі егіс    | көк шөп         | менің сүйіктім   | ағын су        |
| күзгі жапырақ    | ағаш ат         | сүйікті жазушым  | судың пайдасы  |

## 2- жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### ҰЯ СЫРЫ

Күн жылынып қар ери бастаған кезде атам бақша жиегіндегі жуан бәйтеректің бұтағына бір ұяны бекітті. Атам орнатқан ұяны шөжеторғайлар мекендеді де, жұп-жұмсақ жұн-жұрқаны ұяға таси бастады. Алайда осы кезде алыстан қараторғайлар оралды да, ұяны мекендегісі келген шөжеторғайларды қуып шықты. Онан кейін ұяға шөжеторғайлар тасып алып келген жұн-жұрқалардың бәрін сыртқа шығарып тастап ұяны тазалады. Бірақ ұяның қиыстырылған қиюының жарығында шөжеторғайлар ұя сала бастаған кезде пайда болған қан сорғыш жәндіктер қалып қойған еді.

Бір күні таңертеңгісін есік алдында самаурын қойып жүрген әжем әлденеге күйініп, атамды шақырып байбалам салды:

- Ұяны бақша маңына неге орнаттың? Оңбаған торғайларды көрдің бе, қарашы, әне?! Қараторғайларыңның қылығын көр!

Терезеден қарасақ, қараторғайлар жаңа отырғызылған қызанақ көшеттерін жұлып алып, ұяға тасып жүр. Әжем ашуға булығып тұр.

- Қап, мынаны-ай, ә! Жәшікке өндіріп, қадағалап бағып отырған көшеттерімді бір күнде тас-талқан қылып отыр. Еңбегім еш кетті-ау!

- Бұл бір қызық екен! - деп міңгірледі атам, кінәлі адамдай.

- Бұлай болар деп кім ойлаған. Жарайды, қараторғайларға өшікпей-ақ қой, оларға да қажет болған шығар.

Демалыс күні базарға барып, қызанақ көшеттерін әкеліп, өзім отырғызып берейін де, қашан жетілгенше үстін жауып ұстайын.

Бірақ жаңадан отырғызылған көшеттерге қараторғайлар қайтып тимеді. Ал, бір тәуліктен кейін қараторғайлар ұяға тасып апарған, кеуіп қалған қызанақ көшеттерінің сабағын қайтадан сыртқа шығарып тастады. Енді қараторғайлар ертеден кешке дейін ұяға сабан, мамық тасумен болды. Сөйтсе қызанақ көгінің хош иісі ұядағы қан сорғыш жәндіктерді қуып шығады екен ғой. /237 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3-жаттығу

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |             |    |    |    |
|----|----|----|-------------|----|----|----|
| 21 | 18 | 20 | 12          | 28 | 35 |    |
| 31 | 27 | 25 | 3           | 22 | 5  |    |
| 23 | 6  | 33 | 29          | 17 | 2  |    |
| 14 | 11 | 7  | <div></div> | 19 | 1  | 26 |
| 30 | 16 | 10 | 8           | 4  | 32 |    |
| 15 | 36 | 13 | 34          | 9  | 24 |    |

15--41--22

11----18----38

63-----51-----30

27-----19-----74

12-----84-----14

55-----42-----23

17-----99-----87

46-----29-----15

76-----32-----48

93-----85-----24

**28-KYH**

## 1-ЖАТТЫҒУ.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **ЖЫЛАН, ЖЫЛАН, ЖЫЛАНДАР**

Ғылымда жыланның 2600 түрі белгілі. Он сантиметрден бастап, ұзындығы 6-7 метрге, салмағы 130 келіге жететін алып анакондаға дейін ұшырасады.

Жыланды пір тұтатын елдердің ішінде Үндістан бірінші орында. Үнді елінде жылан қасиетті саналғандықтан, өлтіруге тыйым салынған. Жыл сайын бұл елде төрт миллион адамды жылан шығып, оның 75 мыңы қайтыс болса да, жыланды өлтірмейді. Кездейсоқ өлтіріп алса, өздеріне ауыр күнә санайды. Өлген жыланның үстіне жібек мата жауып, дұға оқып, өртеп жібереді. Жыланның құрметіне небір сәулетті ғибадатханалар да тұрғызылған. Қазақтың «жыланның аяғын көрген адамға бақыт ұялайды» деп ырым еткені сияқты, оның қабыршағын ақша, байлық әкеледі деген сеніммен әмиянына салып алады.

Жыландар қауіпті болғанымен, өздігінен шабуылдай бермейді. Жылан бағушылардың айтуынша, адамға тек улы қара мамба, корольдік кобра, австралиялық тайпан сияқтылар ғана шабуылдайды екен. Оның өзінде де тыныш жатқан құйрығын басатын көбіне адамның өзі көрінеді.

Бәріміз жыланды суық қанды жәндік есебінде көреміз. Шын мәнінде жыланның дене қызуы өзге де жан-жануарлардыкіндей түрліше өзгеріп отырады: белсенді

жағдайда, мәселен, жемін аулау кезінде қызуы көтерілетін болса, жай жатқанда керісінше төмендейді. Ұйықтап жатқан жыlanda зат алмасу процесі мүлдем тоқтайды, жүрегі жұмыс істеуін қояды. Міне, энергияны үнемдеудің нағыз үлгісі! Жыланның осы қасиетін адамға берсе, шаршап-шалдықпас еді-ау, ә!?

Бізге қарағанда, жыландар әлденеше есе сезімтал болып келеді. Олар қараңғы бөлмедегі қара мысықты оп-оңай тауып алады. Мылқау, бірақ саңырау емес. Олар өте әлсіз дыбыстың өзін қалт жібермейді.

Жыландар өз өмірінің көп бөлігін тоқ күйде өткізеді. Табиғат оларды солай жаратқан: жаңадан дүниеге келген жылан аптасына бір рет қоректенсе үлкендері - одан да сирек, ал анаконда мен питон сияқты алыптар екі айдай нәр сызбайды. /257сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

## 2-жаттығу. Сөздер кестесі.

Тұрақты сөз тіркестерін жылдам тауып, мағынасын түсіндір.

|                     |                    |                         |                               |
|---------------------|--------------------|-------------------------|-------------------------------|
| Ат ізін сал-<br>мау | Топқа жіктеді      | Тон сатып<br>алды       | Қаулы етті                    |
| Ағараң ету          | Жігіт болды        | Тонның ішкі<br>бауындай | Қолын берді                   |
| Ағалық ақыл<br>айту | Жіпсіз бай-<br>лау | Кітап оқыды             | Екі көзі шара-<br>сынан шықты |

|                       |                        |                                  |                         |
|-----------------------|------------------------|----------------------------------|-------------------------|
| Адалдық та-<br>ныту   | Жіберіп<br>алды        | Қонақ шақы-<br>рды               | Бетін сипады            |
| Ағаш жарды            | Матаны жы-<br>ртты     | Қой аузынан<br>шөп алмас         | Қауіптен<br>құтылу      |
| Жүрегі шан-<br>шу     | Егістік жерді<br>жырту | Қабаттап<br>салды                | Мал төлдеді             |
| Жүрегінің<br>түгі бар | Жылдам жү-<br>гіреді   | Зәресі зәр<br>түбіне жетті       | Қулық таныт-<br>ты      |
| Жаулық сал-<br>ды     | Көздің жауын<br>алу    | Қаз басты                        | Қулығын асы-<br>рды     |
| Жігері құм<br>болу    | Зиян келтірді          | Қадам басты                      | Құрғақ бол-<br>ды       |
| Жілік шағу            | Зар жылады             | Сабақты<br>қайталады             | Жұмған ау-<br>зын ашпау |
| Жәбір көр-<br>сету    | Заң шығарды            | Есігін қайта<br>ашты             | Жаңбыр жа-<br>уды       |
| Ине шаншар<br>жер жоқ | Зауыт салды            | Қаламмен<br>жазды                | Суық болды              |
| Жаяу келді            | Зейнетке<br>шығу       | Ит терісін<br>басына қап-<br>тау | Үй салды                |
| Жедел жет-<br>кізу    | Үйге жақын-<br>дау     | Қалам сый-<br>лады               | Қой қырқы-<br>сты       |

### 3 – жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 34 | 18 | 20 | 12 | 28 | 36 |
| 31 | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 23 | 6  | 33 | 29 | 17 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 19 | 1  | 26 |
| 30 | 16 | 10 | 8  | 4  | 32 |
| 15 | 34 | 13 | 21 | 9  | 24 |

5...1...6  
 8.....2.....1  
 4.....3.....9  
 5.....4.....7  
 6.....5.....1  
 8.....6.....2  
 4.....7.....6  
 7.....8.....1  
 6.....9.....9  
 4.....10.....8  
 9.....11.....4  
 5.....12.....8  
 7.....13.....5  
 9.....14.....4  
 8.....15.....3  
 4.....16.....2  
 2.....17.....0  
 5.....18.....4

**29-KYH**

## **1-жаттығу.**

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

### **ЕРЕКШЕ ЕСІМ**

Мұғалім сыныпқа кірісімен: Балалар, бүгінгі сабақта өз есімімізді талқылаймыз. Әр есімнің мағынасына, мазмұнына тоқталамыз, - деп оқушыларға ойлануға уақыт берді.

Сынып іші тып-тыныш бола қалды. Есімін дұрыс білмейтіндер жан-жағына көмек сұрап, көз тастайды. Үздік оқитын Бейбарыс парағын бүктеп, ұстазына берді де, орнына жайғасты. Шығармасын сүйсіне оқыған мұғалім Бейбарыстың басынан сипап өтті.

Еркіннің ағасы - мектепте мұғалім. Соған болар ұстаз дар оған дауыс көтеріп сөйлемейді. Тіпті, нашар баға да алмайды. Бұзықтығымен аты шықса да, Еркіннің еркелігі бұрыс болған емес. Бүгін тағы да тентектігіне салып, Бей барыспен бәсекелесті.

- Апай, кешіріңіз. Мен өз есімімді өзгелер секілді қағазға түсірмей-ақ айтсам бола ма?

- Жарайды, айта ғой.

- Еркін - ерекше есім. Әкем өз ойын еркін айтып, білдіретін бала болсын деген. Ең бастысы бұл - тәуелсіз елдің ұрпағына сай есім, - деп мақтана бергенінде апайы:

- Мына ойды толықтыратын кім бар? - деді.

Еркіндік жайлы ешкімде басқа ой жоқ сияқты. Оқушылар қағаз бен қаламға таңыла түсіп кеткен сыныптастарының тыныштығын бұзып, Бейбарыс:

- Еркін - көне есім. Көбінесе батырларға, ел басшыларына лайық. Еркін - түркі қағанаты тұсындағы әскери-


әкімшілік қызмет шенінің лауазымының бірі. Бұл туралы Орхон-Енисей тас жазуында, Қытай хаттарында таңбаланған. Сондай-ақ еркін түркілер құрған үлкен-ді-кішілі қағанаттар мен хандықтардағы бір рудың әскери әкімшілік істеріне жауапты болған. Кейбір ата-аналар балаларының есіміне мән бермейді. Әр адам өз есіміне астарлап қараса, оның тарихын оқып, сол есімге лайық іс көрсеткен болар еді.

Бейбарыстың ұтымды ойын ұстаз ұзақ мақтады. Оқыған нәрсені көңілге тоқу да - өнер. Еркін, Бейбарыстай есімдер сендерге босқа қойылмаған. Батыр бабаларыңның тектілігін қайталар ұл болсын деген ниетпен берілген. Есімге мән бермеу - білімсіздіктің белгісі. Келесі сабақты жер-су атауларына арнаймыз. Сондықтан барлығымыз дайын болайық, - деп мұғалім сөзін аяқтады.  
/230 сөз/

Сөз саны \_\_\_\_\_

### 3- жаттығу.

Шulte кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.



|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 34 | 18 | 20 | 12 | 28 | 36 |
| 31 | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 23 | 6  | 33 | 29 | 17 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 19 | 1  | 26 |
| 30 | 16 | 10 | 8  | 4  | 32 |
| 15 | 34 | 13 | 21 | 9  | 24 |



**30-KYH**

## 1-жаттығу. Сөздер кестесі.

Тұрақты сөз тіркестерін тауып, мағынасын аш.

|                        |                 |                           |                       |
|------------------------|-----------------|---------------------------|-----------------------|
| Үріп ауызға салғандай  | Су қайнады      | Жүрегі тас төбесіне шықты | Басы ауырды           |
| Аузын ашты             | Терезе буланды  | Жүрегіне ота жасатты      | Қу бас                |
| Аузына салды           | Апам қайнатты   | Аспанға тас лақтырды      | Қанатын қақты         |
| Шар үрледі             | Соры қайнады    | Жүрегі соқпады            | Қанат келді           |
| Қанжығаға байлады      | Сорпа қайнады   | Жүрегі ттоқтап қалды      | Қанаты қатайды        |
| Бүйрегі ауырды         | Суға батты      | Екі көзі төрт болды       | Қанаты өсіп шықты     |
| Қанжыға майланды       | Ағам ашуланды   | Көзіне көрінбеді          | Қанаты қайырылды      |
| Шар сыйлады            | Өзенге шомылды  | Дәрігерге барды           | Көзі қызарды          |
| Бүйрегін тексертті     | Рақатқа батты   | Көзі жасаурады            | Көзге түртсе көргісіз |
| Бүйректен сирақ шығару | Рақаттана күлді | Жүрегі алып ұшты          | Көзін ашты            |
| Аспанға лақтырды       | Шебер сөйлейді  | Дәрігер шақыртты          | Көзін жұмды           |
| Шарын жарып алды       | Ән салды        | Жүрегі ауырады            | Құла дүз дала         |

|                |                 |                         |                      |
|----------------|-----------------|-------------------------|----------------------|
| Сырғанақ тебу  | Су қайнады      | Айырды алды             | Орақ ауыз            |
| Аяз түсті      | Терезе буланды  | Оң мен солын айырды     | Орақпен шөп орды     |
| Қыс келді      | Апам қайнатты   | Жерге қонды             | Пышақпен нан кесті   |
| Кеш батты      | Соры қайнады    | Шашын сипады            | Пышақ кескендей      |
| Шанамен ойнады | Сорпа қайнады   | Өзін қоярға жер таппады | Анасын оятты         |
| Шұнақ аяз      | Суға батты      | Олжасын бөлісті         | Арбаны сүйреді       |
| Ешкімге айтпау | Ағам ашуланды   | Жүлде алды              | Жұлделі болды        |
| Сыр білдірмеді | Өзенге шомылды  | Шаш етектен олжаға бату | Лаж жасай алмады     |
| Бақ қонды      | Рақатқа батты   | Жүлдеге ие болды        | Таяқ тастам жер      |
| Әңгіме айтты   | Рақаттана күлді | Жеңіске жетті           | Тастай қатты         |
| Кітап оқыды    | Шебер сөйлейді  | Маңдайы-                | Жастық жасады        |
| Лебізін шашты  | Ән салды        | Маңдайынан сүйді        | Жайылып жастық болды |

## 2-жаттығу.

Шульте кестесі арқылы көздің көру аймағын кеңейтеміз.

|    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|
| 19 | 18 | 10 | 12 | 28 | 23 |
| 31 | 27 | 25 | 3  | 22 | 5  |
| 36 | 6  | 33 | 29 | 30 | 2  |
| 14 | 11 | 7  | 34 | 1  | 26 |
| 17 | 16 | 20 | 8  | 4  | 32 |
| 15 | 34 | 13 | 21 | 9  | 24 |

5...1...6  
 8.....2.....1  
 4.....3.....9  
 5.....4.....7  
 6.....5.....1  
 8.....6.....2  
 4.....7.....6  
 7.....8.....1  
 6.....9.....9  
 4.....10.....8  
 9.....11.....4  
 5.....12.....8  
 7.....13.....5  
 9.....14.....4  
 8.....15.....3  
 4.....16.....2  
 2.....17.....0  
 5.....18.....4

### 3-жаттығу.

Мәтінді оқып, оқу жылдамдығыңды тексер.

#### **БІРІНШІ СЫНЫПТЫҢ СЫРТТАЙ ОҚУШЫСЫ**

Апасы жаздың аяғында Тұрарға кітап-дәптер, қағаз-қалам, сәмке, су жаңа костюм алып берді. Оны көрген Нұрлан: – Мен де оқимын! – деді. Үй ішінің «әлі кішкентайсың, енді бір жылдан кейін оқисың» дегеніне де құлақ аспады. Тұрардың кітабына таласып қоймаған соң, апасы оған да қағаз-қарындаш, кітап әперді. Екеуі де оқу жылын асыға күтті...

Бірінші қыркүйек күні апасы Тұрарды мектепке апарды. Нұрлан да бірге барды.

Мектеп мерекедегідей әсем безендіріліпті. Әдемі киініп қолына гүл шоғын ұстаған бүлдіршіндер де келді. Әлден соң оқушылар сапқа тұрды. Бірінші сыныпқа келгендер бөлек тізілді. Нұрлан да қастарында тұр. Тұрар оны «Апаңа бар!» – деп итеріп қояды.

Мектеп директоры ортаға шығып, оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтады. Тұрарға күлімдей түсіп: «Қадамдарың құтты болсын, жақсы оқыңдар!»-деді. Бұл кезде Нұрлан өзінің мектеп жасына толмағанын мүлдем ұмытып кеткен еді. Директордың сөзін ұйып тыңдады.

Бірақ оны сыныпқа кіргізбеді. «Келесі жылы кел!» деді. Нұрлан жылап-жылап үйіне қайтты. Көңілі тыншымады, көз алдына мектептегі балалар келді. «Мұғалім не үйретіп жатыр екен?» деп ойлады. Тұрардың мектептен келуін асыға күтті. Қайта-қайта қақпа алдына шығып, жол қарады.

Тұрар келген соң одан аузын бұртитып:

- Не оқыдыңдар? – деп сұрады?

Тұрар:

- Апай кітап оқып берді, онға дейін санадық, «А» әрпін жаздық,- деді ол.

Нұрлан ағасының жазғандарын көргенше асықты.

Тұрардың жазуына қызыға қарап тұрды да, әдемілеп көшіре бастады. Тұрар оған қаламды қалай ұстауды, «А» әрпін жазуды ерінбей үйретті.

Ол сенбі күні Тұрармен бірге мектепке барды, сыныпқа кіріп парталарға отырып көрді. Сыныптағы балаларға қызыға қарап : «Мен де осындай партаға отырсам, оқысам» деп ойлады. Нұрланды бұл сыныптың балалары бәрі білетін әрі жақсы көретін. Орталарына алып бірге ойнайды. Ол үйге Тұрармен қайтты.

Басқа күндері ылғи алдынан шығады. Не оқығанын білгенше асығады. Үйге келісімен сыныпта жазғандарын дәптеріне көшіріп әлектенеді. Тұрар сабақ оқуға отырғанда, бұл да үстелдің бір басына жайғасады. Ол оқығанда, бұл да оқиды. Тұрар сияқты бұның да күнделігі бар. Тұрарға апай баға қойса, бұған апасы қояды. «Айналайын, ақылдым», - деп апасы оның басынан сипайды. Әкесі «Болашақ математик»,- деп мақтайды. /290 сөз /

Сөз саны \_\_\_\_\_

[illegible]

# СӨЗБЕН ОҚЫТПАҚ

Авторы:  
Кәусария Сағадатқызы

Редакторы:  
Кәусария Сағадатқызы

Мұқаба дизайнері:  
Баян Ниятқызы

Құрастырушы дизайнер:  
Баян Ниятқызы

Mumkin.kz  
Алматы 2022

**Алматы 2022**  
**Mumkin.kz**